

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МҚҚҚ

## **«Алтын күз»**

*№2 «Ақбота» ерте жас тобының  
ертеңгілігі*



Тәрбиешілері: З.М.Жакеева

## «Алтын күз»

**Мақсаты:** 1. Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайында балалардың білімдерін кеңейту. Күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, ойлау қабілетін дамыту. Балаларды еңбеккорлыққа тәрбиелеу.

(Топ іші мерекеге сай сарғайған жапырақтармен безендіріген, балалар музыка әуенімен орындықтарына отырады.)

Топ мерекеге сай безендірілген. Жүргізуші кіреді.

**Жүргізуші:** Қуандырып біздерді

Мерекелді күз келді.

Кел жемісті алтын күз,

Кемелденсін ел енді.

Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын!

Ендеше «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз..

**Жүргізуші** Балалар бізге сонау алыстан «Күз ханшайымы» келіпті (осы кезде себетке толы жемістері бар «Күз ханшайымы» билеп кіреді.)

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіздерме балалар! Сәлеметсіздерме қонақтар

**Балалар:** Сәлеметсізбе!

**Күз ханшайымы:** Уа халайық, дархан далам армысың!

Табиғатым жаңы жайсаң тал мұсін.

Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,

Алмақ болып бар халқымның алғысын.



Мен күзгі ханшайыммын сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сендерге сонау алыстан «Балапан» «Ақбота» тобына арнайы келдім. Маған өнерлерінді көрсетесіндерма?

**Балалар:Ия**

**Жүргізуші:** Қош келдің Күз ханшайымы! Төрлетіңіз. Біздің балалармен бірге «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді тамашалаңыз.

**Қуыршақ театры:**

**Бауырсақ ертегісі**

«Бауырсақ» ертегісін сахналаймыз.

Ерте ертеде Кемпір мен шал болыпты. Бірде шал кемпіріне

**Шал:** Кемпір- ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші.

**Кемпір:** Неден пісірейін? Үн жоқ қой!

**Шал:** Эй кемпір- ай! Қаптың түбін қырып көрсөңші үн табылып қалар.



Кемпірі солай істейді: қаптың түбін қырып екі уыс үн табады да , бауырсақ пісіреді, терезе алдына суытып қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, домалап кетеді. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді.

**Қоян:** Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

**Бауырсақ :** Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Бауырсақ қоянға өлең айта бастайды.

Мен бауырса, бауырсақпын,

Атамнан қаштым,

әжемнен қаштым,

енді сеннен қашамын – деп қашып кетеді



Бауырсақ әндетіп келе жатса, оның алдынан аю шыға келіп:

**Аю:**Бауырсақ!Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

**Бауырсақ:** Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Бауырсақ аюға өлең айта бастайды

Мен бауырса,бауырсақпын

Атамнан қаштым,

әжемнен қаштым,

қояннан қаштым енді сеннен қашамын –деп қашып кетеді

Бауырсақ әндетіп келе жатса, оның алдынан қасқыр шыға келіп:

**Қасқыр:**Бауырсақ!Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Мен бауырса,бауырсақпын

Атамнан қаштым,

әжемнен қаштым,

қояннан қаштым,

аудан қаштым енді сеннен қашамын –деп қашып кетеді.

Әндетіп қашып келе жатқанда алдынан түлкі шығады.

**Түлкі:**Бауырсақ!Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

**Бауырсақ:**Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Мен бауырса,бауырсақпын

-Мен атадан да қаштым,

әжеден да қаштым,

қояннан да қаштым,

қасқырдан да қаштым,

аудан да қаштым деп әндетіп тұрғанда

**Түлкі:** Бауырсақ, мен қәзір қартайдым құлағым нашар есітеді-сен менің тұмсығымның үстінде тұрып әндетші деп өтінеді.

Бауырсақ оған келісіп әндете бастайды.

Мен бауырса, бауырсақпын

-Мен атадан да қаштым,

ападан да қаштым,

қояннан да қаштым деген кезде

Тұлкі ап деп жеп қояды.

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы сізге біздің ертегіміз ұнады ма?

**Күз ханшайымы:** Иа, ұнады

Балалар енді менімен ойын ойнағыларың келеді ме?

**Балалар:** Иа

**Ойын:** «Жапырақ жинау»

**Ойын шарты:** балалар себетке жапырақтарды жинайды.



Берекелі бақ-дәulet

Арта түссін тойланып,

Сау болындар, балалар

Келгенше жыл айланып.

*Осы кезде әуен ойналады, Күз ханшайымы қоштасып кетеді.*

**Балалар:** Қош бол Күз ханшайымы!

**Жүргізуші:** Күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдаға, көкеністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне балалар осымен «Алтын күз»

атты өртөңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт-береке тілеймін.



